

Қазақстан Республикасының білім беру және мәдениет ұйымдарын атау мен қайта атау туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 3 қазандағы N 1021 қаулысы

"Қазақстан Республикасындағы ұйымдарды, темір жол станцияларын, әуежайларды, сондай-ақ физикалық-географиялық объектілерді атау мен қайта атаудың және олардың атауларының транскрипциясын өзгертудің тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 5 наурыздағы N 281 қаулысына сәйкес және Ақмола, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Қостанай, Қызылорда, Павлодар, Оңтүстік Қазақстан облыстары және Астана мен Алматы қалалары әкімдіктерінің ұсыныстарын ескере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 1-қосымшаға сәйкес білім беру және мәдениет ұйымдарына есімдер берілсін.
2. 2-қосымшаға сәйкес білім беру және мәдениет ұйымдары қайта аталсын.
3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 3

ж ы л ғ ы

3

қ а з а н д а ғ ы

N

1 9 2 1

қ а у л ы с ы н а

1-қосымша

Көрнекті тарихи тұлғалардың, белгілі мемлекет және қоғам қайраткерлерінің, Кеңес Одағы Батырларының, Социалистік Еңбек Ерлерінің, жазушылардың, өнер қайраткерлерінің, жаттықтырушылардың, ұстаздардың, ғалымдардың есімдері берілген білім беру және мәдениет ұйымдарының тізбесі

Жамбыл облысы бойынша

Тұрар Рысқұлов ауданының Тереңөзек ауылдық округіндегі Қайыңды орта мектебіне - Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мұғалімі Райымбек Смайловтың есімі;

Қостанай облысы бойынша

Меңдіқара ауданындағы N 1 Боровской орта мектебіне - Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мұғалімі Ахметқазы Шотаевтың есімі;

Сарыкөл ауданындағы Қараоба орта мектебіне - жазушы, педагог Бекет Өтетілеуовтің есімі;

Қызылорда облысы бойынша

Жалағаш ауданының Аққұм ауылындағы N 38 орта мектепке - Социалистік Еңбек Ері Алдаберген Бисеновтің есімі;

Жаңақорған ауданының Аққорған ауылдық округіндегі N 209 орта мектепке - Кеңес Одағының Батыры Әнуар Әбутәліповтің есімі;

Қызылорда қаласындағы N 233 орта мектепке - Кеңес Одағының Батыры Жаппасбай Нұрсейітовтің есімі;

Сырдария ауданының Н.Илиясов ауылындағы N 132 орта мектепке - Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мұғалімі Түймебай Айтбаевтің есімі;

Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша

Шымкент қаласындағы N 12 мектеп-интернатқа - белгілі педагог, Социалистік Еңбек Ері Маржан Тасованың есімі;

Арыс қаласының Монтайтас ауылдық округіндегі Шағыр орта мектебіне - қоғам қайраткері Абылай Тілеубердиннің есімі;

Арыс қаласының Задария ауылдық округіндегі Арыс орта мектебіне - жазушы Садықбек Адамбековтің есімі;

Созақ ауданының Қыземшек кентіндегі СУ-17 орта мектебіне - Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мұғалімі Ләнде Бөкеновтің есімі;

Түркістан қаласындағы олимпиада резервін дайындау жөніндегі балалар мен жасөспірімдердің спорт мектебіне - Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген жаттықтырушысы, профессор Әбдісалам Нұрмахановтың есімі;

Павлодар облысы бойынша

Қаширы ауданындағы N 3 Қашыр орта мектебіне - Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мұғалімі Қатша Оспанованың есімі;

Шығыс Қазақстан облысы бойынша

Шығыс Қазақстан мемлекеттік университетіне - белгілі ғалым лингвист, профессор Сәрсен Аманжоловтың есімі;

Семей қаласындағы N 33 орта мектепке - Қазақстан Республикасының Халық қаһарманы Қайрат Рысқұлбековтың есімі;

Астана қаласы бойынша

Оқушылар сарайына - ақын Махамбет Өтемісұлының есімі;

Алматы қаласы бойынша

Алмалы ауданындағы N 39 орта мектепке - Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген өнер қайраткері, кинорежиссер Сұлтан-Ахмет Қожықовтың есімі;

Алмалы ауданындағы N 120 орта мектепке - Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген өнер қайраткері, кинорежиссер Мәжит Бегалиннің есімі;

Медеу ауданындағы N 30 мектеп-гимназиясына - жазушы Дмитрий Снегиннің есімі

;

Медеу ауданындағы N 64 орта мектепке - 73-гвардиялық Қызыл Тулы
Сталинград-Дунай атқыштар дивизиясы атауы;

Әуезов ауданындағы N 41 орта мектепке - Қазақстан Республикасының еңбек
сіңірген өнер қайраткері, кинорежиссер Абдолла Қарсақбаевтың есімі;

Бостандық ауданындағы N 92 орта мектепке - Махатма Гандидің есімі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 3 ж ы л ғ ы 3 қ а з а н д а ғ ы

N 1 0 2 1 қ а у л ы с ы н а

2-қосымша

Қайта аталатын білім беру және мәдениет ұйымдарының тізбесі

Ақмола облысы бойынша

Көкшетау қаласындағы N 3 "Зайчик" мектеп-балабақшасы - "Ер Төстік"
мектеп-балабақшасы;

Қызылорда облысы бойынша

Қызылорда қаласындағы "Бумажник" мәдениет үйі - Қазақстан Республикасының
еңбек сіңірген әртісі Мәдина Ералиева атындағы мәдениет үйі;

Шиелі ауданының Сұлтөбе ауылындағы N 41 М. Ломоносов атындағы орта
мектебі (ауданда М. Ломоносов атында екі мектептің болуына байланысты) - қоғам
қайраткері Мұстафа Шоқай атындағы орта мектеп;

Сырдария ауданының Тереңөзек кентіндегі "Арман" кинотеатры - белгілі
кинорежиссер Сұлтан-Ахмет Қожықов атындағы кинотеатр.